

**Білім алушыларға ақылы негізінде  
білім беру қызметтерін көрсетудің шарты**  
№ \_\_\_\_\_

Астана қ.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ ж.

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет етуші  
(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

\_\_\_\_\_ атынан,  
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)  
бұдан әрі «Білім беру ұйымы» деп аталатын, мемлекеттік лицензия № 0062189 02.07.2008 ж.,  
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ атынан Басқарма төрағасы  
Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев бір жағынан және бұдан әрі «Білім алушы» деп  
аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))  
\_\_\_\_\_ екінші жақтан, немесе  
\_\_\_\_\_ негізінде

(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)  
және азамат(ша) \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

мүддесі үшін әрекет етуші \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғасы басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты,

\_\_\_\_\_ әкесінің аты (бар болған жағдайда))  
атынан, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) немесе

\_\_\_\_\_ заңды тұлғаның атауы)  
екінші жақтан төмендегілер туралы осы шартты жасады.

## 1. Шарттың мәні

1.1. Тапсырыс беруші немесе білім алушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))  
тапсырады және төлейді, ал «Білім беру ұйымы» білім алушыға қорытынды аттестаттаудан  
өткеннен соң және білім беру қызметтерін толық өтеу арқылы оған тиісті  
біліктілікті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (дәрежені)  
және білім туралы құжатты беру арқылы Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға  
міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес келетін мамандық  
бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мамандық шифрі мен атауы),  
білім алу \_\_\_\_\_ нысаны бойынша оқу процесін ұйымдастыру және білім  
\_\_\_\_\_ (күндізгі, сырттай)  
алушының білім беру қызметтерін алу бойынша өз міндетіне алады.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 2.1 Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

2.1.1 конкурс қорытындысы бойынша (немесе басқа білім беру ұйымынан ауысу арқылы,  
академиялық қарыздарын өтеген жағдайда) ол немесе тапсырыс беруші (өкілі) білім беру

ұйымының жылдық төлем сомасынан 50% мөлшерінде төлемді беру жағдайында білім беру ұйымының білім алушылар \_\_\_\_\_ қатарына қабылдау;  
(тегі, аты, әжесінің аты (бар болған жағдайда))

2.1.2 осы шартты жасау кезінде білім алушыны білім беру ұйымының ішкі қабылдау тәртібін реттейтін тәртіп ережелерімен және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі құжаттармен таныстыру;

2.1.3 білім алушыны «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес даярлауды қамтамасыз ету;

2.1.4 білім алушының оқу жүктемесінің көлемін және сабақ кестесін қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен анықтау, білім алушының салауатты, қауіпсіз оқу жағдайын жасау;

2.1.5 білім беру ұйымдары кітапхана қорының ақпараттық қорларына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға еркін қол жеткізуді және оларды пайдалануды қамтамасыз ету;

2.1.6 білім алушыға оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін білім беру ұйымының басшысы бекіткен жекелеген ережелермен қаралған тәртіпте және жағдайларда компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін беру;

2.1.7 компьютерлік техниканы сабақ кестесінен тыс уақытта қосымша келісім негізінде пайдалануға рұқсат беруге;

2.1.8 білім беру ұйымының оқу жоспарына сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру;

2.1.9 білім алушыны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген тәртіпте оның өтініші негізінде білім алушылар қатарына қайта қабылдау және оқудан шығару;

2.1.10 білім алушыны бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе бір оқу нысанынан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген тәртіпте ауыстыру;

2.1.11 шартты бұзған кезде білім алушы барлық оқу мерзіміне алдын ала ақы төлеген жағдайда, төленген ақшасын ағымдағы оқу кезеңіндегі шығыстарды алып тастау арқылы, оған бұйрық шыққан сәттен бастап қайтарып беру;

2.1.12 білім алушыны оның келісімінсіз және оқу үдерісіне зиян тигізетін қоғамдық және басқа да тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;

2.1.13 білім алушыға білім беру ұйымының ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға ерікті түрде қатысуға мүмкіндік беру;

2.1.14 толық оқу курсы ойдағыдай аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша білім алушыға біліктілігін беріп, білім туралы құжатты табыстау;

2.1.15 жоғары оқу орында білім алуды аяқтамаған білім алушының талабы бойынша өткен пәндердің көлемі мен меңгерген сапасының бағалары көрсетілген академиялық анықтаманы беру;

2.1.16 оқу орны таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда білім алушыға басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыларды ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

## **2.2 «Тапсырыс беруші» міндетті:**

2.2.1 келісім-шарттың 2.4.6 және 2.4.7 тармақтарға сәйкес белгіленген мерзімнен кешіктірмей студенттің аты-жөні, мамандығы және факультеті көрсетілген түрде университет есеп-шотына ақшалай қаржыны аударуға;

2.2.2 студентке өндірістік және басқа да практика түрінен өтуге жағдай жасауға;

2.2.3 жұмысқа орналасу кезінде көмек беруге.

## **2.3 Тапсырыс беруші құқылы (тапсырыс болған кезде):**

2.3.1 білім алушыдан осы шартқа сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды талап етуге.

2.3.2 білім алушының оқу үлгерімінің төмендеуіне байланысты оқу ақысын үзуге.

## **2.4 Білім беру ұйымы:**

2.4.1 білім алушыдан осы шарт пен білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін қадағалауды, білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлері мен білім алушыларына дұрыс әрі құрметпен қарауды талап етуге;

2.4.2 оқу тәртібін, осы шарт талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін білім алушыларға ықпал ету шараларын қолдануға;

2.4.3 білім алушыдан білім беру ұйымының мүліктеріне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу ережелерін қадағалауды талап етуге. Білім алушының әрекеттерінен материалдық залал келген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен оны қалпына келтіруге кеткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге;

2.4.4 оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтердегі жетістіктері үшін білім алушыны ынталандыруды және марапаттауды жүзеге асыруға;

2.4.5 күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын талантты және дарынды студенттерді қолдау мақсатында, тек қана «өте жақсы» (А, А-) деген бағаға оқитын білім алушылар үшін 3 курстан бастап ҚР Президентінің атаулы шәкіртақысын, білім беру саласындағы өкілетті органның мемлекеттік атаулы шәкіртақысын тағайындауға;

2.4.6 білім алушыны аралық аттестация және жазғы семестр нәтижесі бойынша шартқа қайта отыру арқылы қайта сол курсқа қалдыруға;

2.4.7 өтпелі балл жинамаған білім алушыға, өзінің үлгерімінің орташа баллын (GPA) жоғарылату мақсатында, жазғы семестрде ақылы түрде кейбір пәндерді қайта оқуға мүмкінді беруге;

2.4.8 оқуға төлем жасау тәртібіне қатысты айрықша жағдайларда жеке жеңілдіктер беруді қарастыруға;

2.4.9 оқу тәртібін бұзу, білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін және білім беру ұйымның Жарғысын бұзу, шарттың міндеттерін орындамауға, басқа білім беру ұйымына ауысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылатын басқа жағдайлардың болуы сияқты себептер шартты бұзуға кұқылы.

## **2.5 Білім алушы өзіне мынадай міндеттемелер алады:**

2.5.1 мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының толық көлеміндегі білімді, іскерліктерді және практикалық дағдыларды меңгеру, оқу және практикалық сабақтарға қатысу. Осы тармақты білім алушы тарапынан бұзған жағдайда шарт бойынша білім алушының немесе тапсырыс берушінің төлемнен босату үшін негіз бола алмайды;

2.5.2 сабақтар жіберген жағдайда, білім беру ұйымында болмаған күннен бастап он күн ішінде жазбаша түрде білім беру ұйымына хабар беру, отбасылық жағдай мен байланыс ақпараттың (тұрғылықты мекен-жайдың, телефон нөмерінің, электрондық поштаның және сол сияқты) ауысуы кезінде білім беру ұйымын хабардар етуге;

2.5.3 білім алушы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде растайтын құжаттарын көрсету арқылы білім беру ұйымын хабардар етуге;

2.5.4 жыл сайын кеуде қуысын тексеруден және медициналық тексеруден өтіп тұру;

2.5.5 білім беру ұйымы басшысының бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және осы шарт талаптарын қадағалау және орындау;

2.5.6 оқудың күндізгі оқу бөлімінде білім алу барысында келесі оқу жылы төлемдері екі кезеңде өткізіледі, 50 % көлеміндегі алдын ала төлем ағымдығы жылдың 25 тамызына дейін, 50 % қысқы емтихан сессиясы басталу қарсаңында ағымдағы оқу жылының 25 желтоқсанынан кешіктірмей өткізілу керек ;

2.5.7 оқудың сырттай оқу бөлімі бойынша білім алу кезінде оқу төлемдері 30 % көлемінде 25-ші тамызына дейін, 20 % - қысқы оқу сессиясы басталуына 10 күн қалған уақытқа дейін, 50 % - көктемгі оқу сессиясы басталғанша 10 күн қалған уақытқа дейін өткізілуі тиісті; оқудың келесі жылдарындағы оқу төлемдерін 50 % көлемінде әрбір емтихан сессиясы басталуына 10 күн қалған уақытқы дейін, алайда сессия басталуына желтоқсан айының 25 күнінен кешіктірмей өткізілу керек.

2.5.8 білім беру ұйымының мүліктеріне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, білім алу және жатақханада тұру үшін қалыпты жағдай жасауға қатысу;

2.5.9 әскери есепке тұру ережелерін қадағалау;

2.5.10 білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрмет көрсету және сыпайы қатынас жасау;

2.5.11 осы Шарттың 2.3.2 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші оқу ақысын төлеуден бас тартқан жағдайда оқу ақысын өзі төлеуге.

## **2.6 Білім алушының құқықтары:**

2.6.1 ауыстыру және қайта қабылдау қағидарымен бекіткен тәртіпте білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бір оқу нысанынан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір мамандықтан басқа мамандыққа, сондай-ақ ақылы оқудан мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқуға ауысуға;

2.6.2 барлық оқу мерзімі үшін оқу төлемін алдын ала төлеуге;

2.6.3 білім алуы үшін кезеңді төлемақы өткізілу (Басқарма төрағасының шешімі бойынша) растаушы құжаттар көшірмелері болуына келесі білім алушылар категорияларын ұсынады:

1) жетімдер ;

2) толық емес отбасынан шыққандар (асыраушысынан айырылған уақыта) ;

3) көп балалы отбасынан шыққан білім алушылар;

4) С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ бір отбасынан екі және оданда көп білім алушы білім алып жатқан жағдайда;

5) С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ қызметкерлерінің балалары білім алып жатқан жағдайда ай сайынғы төлемдердің мерзімін ұзартуға төлемақы жүргізілетін айға сәйкес келетін 25 күннен кешіктірмей төлем жасау шартымен рұқсат етіледі;

Төлем мөлшері еңбекке төлем жасау шығыстары мен инфляция индексі ұлғайған жағдайда тараптардың келісімі бойынша жылына бір реттен аспай өзгеруі мүмкін;

2.6.4 қосымша ақыға мемлекеттік стандарттардан тыс қосымша білім беру қызметін алуға;

2.6.5 бөлек пәндерді оқу, басқа білім беру ұйымдарында, сондай-ақ шетелде тәжірибе және тағлымдамадан өту;

2.6.6 академиялық қарызды жазғы семестрде оқып жою немесе академиялық кезеңдердің бірінде ақылы түрде оқып жою, сонымен қатар бөлек пәндерді келесі семестрлерде немесе жазғы семестрде өзінің үлгерімінің орташа баллын (GPA) жоғарылату мақсатында ақылы негізде қайта оқу;

2.6.7 кітапханалар мен оқу залдары базаларында оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізіп, пайдалануға;

2.6.8 студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

2.6.9 білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен білім беру ұйымына қайта қабылдануға құқылы;

2.6.10 алдын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша қайта оқу немесе ақылы негізде оқудың қайта курсына қалдырған кезде бекітіліген тәртіппен жасалған жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыру;

## **3. Келісімнің ерекше шарттары**

3.1 Білім беру ұйымы ішіндегі бір мамандықтан екіншісіне, бір оқу түрінен екіншісіне ауысқан жағдайда қосымша келісім жасалады;

3.2 Студенттер келесі жағдайда білім беру ұйымынан шығарылады:

- өз қалауы бойынша;

- оқу тәртібін, университеттің ішкі ережесін, Жарғысын және ҚазАТУ студенттерінің арнамысы туралы Кодексін бұзғаны үшін;

- оқу келісімінің шарттарын орындамағаны үшін;

- басқа жоғары оқу орындарына ауысқан жағдайда;

- университетпен байланыс жоғалтқаны үшін, семестр ішінде 30 сағаттан көп себепсіз сабақтан қалса;

- шетелдің білім беру ұйымдарымен берілген құжаттар ҰАО сараптамалық комиссиясының ҚР ММБС сәйкес еместігін анықтауда теріс қорытынды шығарған жағдайда;

- қол жұмсау, балағат сөз арқылы өрескел жанжал болған жағдайда;

3.3 Өткен курс бойынша академиялық қарызы бар, зертханалық-емтихандық сессияға уақытында шықпаған және оқу ақысын белгіленген мерзімде төлемеген студент автоматты түрде университеттен шығарылады;

3.4 Оқу үшін алдын-ала төленген ақша қаражаты студент академиялық демалысқа кеткен жағдайда немесе басқа жоғары оқу орына ауыстырылғанда немесе кезекті оқу сессиясы басталғанға дейін бір ай бұрын өз еркімен оқудан шыққан жағдайда ғана қайтарылады;

3.5 Ақшалай қаражат келесі жағдайлармен студент оқудан шығарылса қайтарылмайды:

- университеттің ішкі ережесін және Жарғысын, сонымен қатар студенттің ар-намыс Кодексін бұзғаны үшін;

- оқу келісімінің шарттарын орындамағаны үшін;

- семестр ішінде сабақтың 30 сағатын себепсіз босатқаны үшін;

- өз еркімен оқудан шыққан жағдайда кезекті оқу сессиясы басталғанға дейін бір айдан кем емес уақытта.

3.6 Студент академиялық демалыстан келген уақытта, сондай-ақ оқуға қайта қабылданғанда, оқу ақысы сол оқитын курсқа белгіленген көлемде жүргізіледі;

3.7 Оқу ақысы бойынша қарызы анықталған студент қайта қабылданғанда сол оқудан шығарылған курстағы оқу шығынын толық көлемде төлеуге міндетті.

#### **4. Білім беру қызметін төлеудің мөлшері мен тәртібі**

4.1 Кредиттің бағасы, білі алу үшін төлемнің мөлшері және мерзімдері теңгеде және жыл сайын білім беру ұйымның басшысымен бекітіледі;

4.2 Оқу жылы үшін оқу ақысы (шартты жасау уақыты бойынша) \_\_\_\_\_ теңгені құрайды;

4.3 Оқу ақысы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен және еңбекке төлем жасау шығыстары мен инфляция индексі ұлғайған жағдайда, білім беру қызметтеріне деген шығыстарды және жағдайды елеулі түрде өзгертетін нормативтік актілердің жариялануы жағдайында жылына бір реттен артық емес өзгертілуі мүмкін;

4.4 Оқудың төлемақысының жыл сайынғы өсуі алдыңғы жылдың төлем ақысына қарағанда инфляция коэффициенті мөлшеріне өседі, бірақ 10 %-дан артық мөлшерге өспейді;

4.5 Оқудың төлем ақысы сәйкесті төлемдердің білім беру ұйымының есеп шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем ақы төлықтай немесе т.2.4.6 немесе т. 2.4.7 сәйкес бөліп төленеді;

4.6 Тапсырыс беруші т.2.4.6 немесе т. 2.4.7 сәйкес бекітілген мерзімде университетке қаржы аударуға міндетті;

4.7 Заңды тұлға төлей алмайтын жағдайда, шарт тоқтатылады да жеке тұлғамен (білім алушымен) шарт қайта жасалады;

4.8 Жоғары оқу орындағы оқудың барлық мерзіміне төленген төлем ақы қайта есептесуге жатпайды;

4.10 Маманды дайындау бағасына әскери кафедрадағы оқу, тәжірибеге бару кірмейді;

4.11 Кез-келген тарап жағынан шартты бұзу жағдайында оқу ақысын төлеу білім беру ұйымы басшысының бұйрығы шыққаннан кейін тоқталады;

4.12 Білім алушының академиялық демалыстан шығуы немесе қайта қабылдануы жағдайында оқу ақысы академиялық демалыстан шығу немесе қайта қабылдау туралы бұйрықтың шығу уақытында қолданыстағы тәртіп пен мөлшерде жүргізіледі;

4.13 Өз еркімен оқуды тоқтатқан кезде, яғни білім алушының осы шартты орындауды бір жағынан бас тарту жағдайында оқудан шығару туралы бұйрықтың жариялануы кезінен бастап осы шарт бұзылған деп есептелінеді. Көрсетілген мерзімге дейін оқу ақысы бойынша шарттың міндеттемелері сақталынады.

## **5. Тараптардың жауапкершіліктері**

5.1 Оқу ақысын төлемеген жағдайда білім алушы тиісті сессияға жіберілмейді және қайта оқу курсына қалдырылады. Оқығаны үшін жинақталған қарызы болған жағдайда, қайта курсына шықпаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен талап етіледі;

5.2 Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген жауапкершіліктерді мойнына алады;

5.3 Тапсырыс беруші мен білім алушының көрсетілген қызметтер үшін қарызды төлеу бойынша жауапкершілігі шартты бұзу жағдайында ортақтасқан болып табылады.

## **6. Дауларды шешудің тәртібі**

6.1 Осы шартты орындау үрдісіне туындаған келіспеушіліктер мен даулар, тікелей тараптардың өзара қолайлы шешімдерге келуі мақсатында шешіледі;

6.2 Араптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шешіледі;

6.3 Тараптар арасында туындаған дау-дамайлар Астана қаласы Сарыарқа аудандық соты арқылы шешіледі.

## **7. Форс-мажор**

7.1 Су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды. Алайда, егер форс-мажорлық жағдайға тап болған Тарап дәлелдер ұсынса және форс-мажордың басталу сәтінен бастап үш тәуліктен кешіктермей басқа Тарапты хабардар еткен кезде осы ереже күшке енеді;

7.2 Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде билік пен басқару органдарының тым болмаса бір Тарап жағынан осы шарттың міндеттемелерін орындауын мүмкіндік жасамайтын актілерді қабылдау болып табылады;

7.3 Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне қарай сәйкестей отырып, ауыстырылады.

## **8. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі**

8.1 Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді. Жаңа шарт жасау кезінде жаңа шарт жасау сәтінде белгіленген талаптар әрекет етеді;

8.2 Осы шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімдері бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін;

8.3 Тараптар арасындағы шарттық қатынастардың тоқтау сәті білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрығын шығаруы болып табылады.

8.4 Осы шарт екі данада жасалады, ал Тапсырыс беруші қатысса үш данада мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен жасалады және бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

## 9. Әр тараптың мекен-жайы мен есеп айырысу шоттары

<p><b>«Білім беру ұйымы»</b>                  «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ                  010011, Астана қаласы,                  Жеңіс даңғылы, 62                  БИН: 070 740 004 377                  ИИК KZ446010111000037373                  Банк: «Қазақстан Халық Банк» АҚ ААФ                  Астана қ.                  БИК HSBKZZKX Кбе 16                  ИИК KZ359261501150581004                  Банк: «Казкоммерцбанк» АҚ                  Астана қ.                  БИК KZKOKZKX Кбе 16</p> <p><b>Басқарма төрағасы</b>  <b>А. Қ. Күрішбаев</b></p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">(қолы)  <b>М.О.</b></p>	<p><b>«Тапсырыс беруші»</b></p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p><b>Кәсіпорын басшысы</b></p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">(басшының аты-жөні, қолы)  <b>М.О.</b></p>
<p><b>Басқарма төрағасының қаржы мәселелер және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі орынбасары</b>  <b>А.Ш.Сыдықов</b> _____</p> <p style="text-align: center;">(қолы)</p>	<p><b>Кәсіпорын бас бухгалтері</b></p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">(бас бухгалтер аты-жөні, қолы)</p>
<p style="text-align: center;"><b>Ата-аналар</b></p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Жеке күәлік № _____                  берілген _____ “ _____ ” _____ ж</p> <p>ЖСН _____</p> <p>Тұрғылықты жер бойынша тіркелуі:                  _____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Нақты тұрғылықты мекен-жайы:                  _____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p style="text-align: center;"><b>Білім алушы</b></p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Жеке күәлік № _____                  берілген _____ “ _____ ” _____ ж</p> <p>ЖСН _____</p> <p>Тұрғылықты жер бойынша тіркелуі:                  _____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Нақты тұрғылықты мекен-жайы:                  _____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>

Ішкі тәртіп ережелерімен таныстым, шарттың екінші данасын алдым.

\_\_\_\_\_  
 (қолы)

